

Токио және жаһандық конвенциялар туралы анықтама

«ЮНЕСКО – ның жоғары білім беру саласындағы техникалық көмекке деген қажеттілігін бағалау-Қазақстан» жобасы шеңберінде Жоғары білім беруді дамытудың ұлттық орталығы (ЖББДҰО) Азия-Тынық мұхиты өңірі елдерінің жоғары білім беру біліктілігін тану туралы Конвенцияны (Токио конвенциясы) және жаһандық конвенцияларды ратификациялау мүмкіндігін зерделеді.

Анықтама: Токио конвенциясы 2011 жылы қабылданды. 12 ел қол қойды (Австралия, Армения, Ауғанстан, Қытай, Моңғолия, Жаңа Зеландия, Корея Республикасы, Ресей Федерациясы, Қасиетті Тақ, Түркия, Фиджи).

Жаһандық конвенция 2019 жылы қабылданды. Қол қоюшылар -22 ел
ЖББДҰО осы конвенцияларды ратификациялаудан туындайтын артықшылықтар мен міндеттемелер туралы талдамалық баяндама дайындады. Сондай-ақ Токио конвенциясын ратификациялау жөніндегі ұлттық іс-қимыл жоспарының жобасы дайындалуда.

Бірінші кезеңде Токио конвенциясын ратификациялау ұсынылады. Бұл білім туралы құжаттар мен біліктіліктерді өзара танудың құқықтық тетігін қамтамасыз ету есебінен қазақстандық жоғары білім экспортына Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің жаңа нарығын ашады.

Осылайша, бұл қадам Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасының негізгі көрсеткіштерінің біріне қол жеткізуге, атап айтқанда, 2029 жылға қарай шетелдік студенттердің үлесіне студенттердің жалпы санының 10% - на дейін қол жеткізуге ықпал ететін болады.

Анықтама: Азия-Тынық мұхиты аймағы студенттерді рекрутинг жасау үшін үлкен әлеуетке ие. Мәселен, 2020 жылы шетелде ҚХР-дан 1 млн. астам студент, Вьетнамнан 132 мың, Оңтүстік Кореядан 100 мыңнан астам студент оқыды. Ал Қазақстанда осы өңірден тек 1200 студент оқыды. Себептері:

- Қазақстандық жоғары білімнің сапасы туралы сенімді ақпараттың болмауы;

- Білім және біліктілік туралы құжаттарды өзара танудың құқықтық тетіктерінің болмауы

Қазақстанның халықаралық білім беру ынтымақтастығының дамуына 1998 жылы Жоғары білім туралы құжаттарды тану туралы Лиссабон конвенциясын ратификациялау ықпал етті. Бұл құжат осы Конвенцияға қол қойған **56** елдің жоғары оқу орындарымен байланыстарды белсенді дамыту үшін құқықтық негіз болды. **Лиссабон конвенциясына** сәйкес қарқынды қызмет студенттердің академиялық ұтқырлығын арттыруды қамтамасыз етті, оларға негізінен ТМД және Еуропа елдеріндегі оқу орындарында білім алуға мүмкіндік берді.

Токио конвенциясын ратификациялау АТМ азаматтарының Қазақстанның білім беру жүйесі, жоғары оқу орындары, білім беру

бағдарламалары, жоғары білімнің ұлттық біліктілік жүйесі және дипломдар мен сертификаттар беру процесі туралы хабардарлығын арттырады. Мұндай өзара іс-қимыл елдер арасындағы өзара түсіністік пен сенімді жақсартуға, сондай-ақ білім мен тәжірибенің мәдениетаралық алмасуын кеңейтуге ықпал ететін болады.

Токио Конвенциясы бойынша қабылданатын міндеттемелер Қазақстанның Лиссабон конвенциясы бойынша міндеттемелерімен іс жүзінде сәйкес келеді. Токио конвенциясын жүзеге асыру ішкі заңнамаға өзгерістер енгізуді талап етпейді.

Лиссабон Конвенциясын іске асыруды сүйемелдейтін Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім Министрлігінің жоғары білім беруді дамытудың ұлттық орталығы (ЖББДҰО) бір мезгілде Токио конвенциясы үшін де ұлттық ақпараттық орталық бола алады және АТМ елдері үшін жоғары білім беру жүйесі мен сапаны қамтамасыз ету тетіктері, Біліктіліктер мен оқу орындары туралы ақпарат бере алады.

Осылайша, Токио конвенциясын ратификациялау Қазақстан Республикасының Жоғары білім мен ғылымды дамыту тұжырымдамасының мақсаттарына қол жеткізу үшін уақтылы және қажетті шара болып табылады. **Жаһандық конвенцияға** келетін болсақ, онда «білім туралы» Заңға және басқа да НҚА-ға түзетулер енгізуді талап ететін бірнеше ережелер бар, осыған байланысты бұл конвенцияны ратификациялауды кейінірек қарастыруға болады.